

«Бекітемін» *Асаналы*
«Балауса» бқбекжай балабақшасы» МКҚК
Менгерушісі: А.М.Жапсекипова



Қаралды: *Ж*
«Балауса» бқбекжай балабақшасы»
Әдіскері: Ж.Ж. Сағызбаева

Ересек «Балапан» тобының жылдық жұмыс жоспары



2025-2026 оқу жылы

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
менгерушісі А.М.Жанкешінова



Қаралды: *Ж.Ж.*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

Ересек «Балапан» тобының күн тәртібі 2025-2026жж

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп-қабылдау, таңертеңгіжаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалықойындар	7.30- 8.00
Таңғы асқадайындық, таңғыас	8.00- 8.30
Дербесәрекет, ҰОҚдайындық	8.30 –9.00
ҰОҚ(үзілістерді қосаалғанда)	9.00-10.30
Серуенгедайындық, серуен	10.30-12.10
Серуеннен оралу	12.10-12.30
Түскіасқадайындық, түскі ас	12.30-13.00
Ұйқығадайындық, ұйқы	13.00-15.10
Біртіндеп тұру, ауа, суем шаралары	15.10-15.30
Бесінасы	15.30-15.50
Дербесәрекет, ҰОҚ даындық	15.50 -17.15
Серуенгедайындық, серуен	17.15-17.40
Серуеннен оралу	17.40–17.50
Балалардыңүйгеқайтуы	17.50–18.30

«Бекітемін»
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
Меңгеруші: А.М. Жанекешова



Қаралды: *ЖЖ*
«Балауса» бөбекжай-балабақшасы
Әдіскер: Ж.Ж. Сағызбаева

Ересек «Балапан» тобының 2025-2026 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
1. Дене тәрбиесі	09:45 10:05	09:45 10:05			09:40 09:55
Дене тәрбиесі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
2. Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
3. Қазақ тілі			10:00		
Қазақ тілі***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
4. Математика негіздері	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
5. Қоршаған әлеммен таныстыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
6. Сурет салу	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Мүсіндеу	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Жапсыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Құрастыру	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
7. Музыка			09:40 09:55		09:45 10:00
Музыка***	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын
Арнайы түзетуші іс-әрекет	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын	күн сайын

Тәрбиеленушілер контингентінің құрылымы
"Балуа" бөбекжай-балабақшасы" МКҚК. "Балапан" тобы. 2025-2026 оқу жылы

№	А.Т.Ә.	Туған күні, айы, жылы	Жас кезеңділігі	Жас бойынша топтар	Мектепке дейінгі ұйымға келген мерзімі	Мектепке дейінгі ұйымнан		
						оның ішінде мемлекеттік тапсырыс бойынша (жекеменшік МДҰ үшін)	кеткен уақыты	шығудың негізі (шығару, өтініш бойынша, және т. б. сәйкес)
1	Ермұхан Бөрте Ерболқызы	28.10.2021	4 жас	ересек топ	01.07.2023		09.02.2026	Ата-анасының өтініші
2	Асылбекұлы Әміре	26.03.2021	4 жас	ересек топ	19.07.2023		01.10.2025	Ата-анасының өтініші
3	Сержан Темірбек Айбекұлы	22.07.2021	4 жас	ересек топ	26.07.2023			
4	Сабиржан Ақжол Алмасұлы	04.04.2021	4 жас	ересек топ	26.07.2023			
5	Жұмасейтова Адина Жандарбекқызы	08.10.2021	4 жас	ересек топ	27.07.2023			
6	Нұрмұхамбет Медина Ақжолқызы	11.06.2021	4 жас	ересек топ	27.07.2023			
7	Жарас Нұрислам Нартайұлы	30.04.2021	4 жас	ересек топ	09.03.2023			
8	Молбай Исламбек Бағдатұлы	21.07.2021	4 жас	ересек топ	09.03.2023			
9	Молбай Дарын Бауыржанұлы	15.05.2021	4 жас	ересек топ	09.03.2023			
10	Сайлау Төрәлі Нұржанұлы	30.09.2021	4 жас	ересек топ	09.03.2023			
11	Ерланқызы Інжу	21.07.2021	4 жас	ересек топ	09.03.2023			
12	Мақсұт Әміре Айбекұлы	11.05.2021	4 жас	ересек топ	01.09.2023			
13	Таңжарбай Нұрәлі Нұржанұлы	02.06.2021	4 жас	ересек топ	01.09.2023			
14	Таймасов Мұхаммед Ерланұлы	04.11.2021	4 жас	ересек топ	06.09.2023			
15	Мұхамбет Аиша Азаматқызы	04.07.2021	4 жас	ересек топ	05.06.2024			
16	Берікбай Айдана Тимурқызы	25.07.2021	4 жас	ересек топ	16.06.2025			
17	Аюбай Әли Амандықұлы	02.12.2021	4 жас	ересек топ	07.03.2025		16.09.2025	Ата-анасының өтініші
18	Жалғасбай Асия Жандосқызы	04.11.2021	4 жас	ересек топ	23.10.2025			

«Бекітемін»

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
менгерушісі А.М.Жаппасқалиева



Қаралды:

«Балауса» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК
әдіскері Ж.Ж.Сағизбаева

«Балапан» ересек тобының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жұмыс жоспары

2025-2026 оқу жылы.

**2025-2026 оқу жылына арналған «Балапан» ересектобының
перспективалық жоспарына**

ТҮСІНІК ХАТ

Ересек топтағы (4 жас) тәрбие-білім беру жұмысы Қазақстан Республикасының келесі нормативтік-құқықтық актілері негізінде жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары мен үлгілік оқу бағдарламасы.
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі (№137 бұйрығы).
5. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту – баланың жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың, шығармашылық әлеуетін ашудың және әлеуметтік дағдыларын дамытудың маңызды кезеңі болып табылады. Ересек топта балалар қоршаған ортаны танып қана қоймай, оны саналыққа былдауға, логикалық ойлауға, қарым-қатынас мәдениетін меңгеруге және алғашқы еңбек дағдыларын қалыптастыруға үйренеді.

Үлгілік оқу бағдарламасының міндеттеріне сәйкес, ересек топтағы тәрбие мен оқытудың негізгі бағыты – балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын кешенді түрде жетілдіру. Сонымен қатар, оқу-тәрбие процесі «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтарымен өзара сабақтастықта жүзеге асырылады.

Балалардың бойына адалдық, әділдік, еңбекқорлық, отансүйгіштік, үлкенге құрмет және кішіге ізет сияқты қасиеттер барлық іс-әрекеттер мазмұны арқылы дарытылады. Перспективалық жоспар ойын, зерттеу, шығармашылық және еңбек іс-әрекеттерін кіріктіре отырып, баланың жан-жақты әрі үйлесімді дамуына бағытталады.

«Адал азамат» бағдарламасының интеграциясы

Жоспар мазмұнына «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары мен келесі арнайы жобалар енгізілген:

- «Шабыт» жобасы – өнер, музыка, бейнелеу әрекеті арқылы баланың шығармашылық әлеуетін дамыту.
- «Балалар кітапханасы» жобасы – әдеби шығармалар, ертегілер мен өлеңдер арқылы тіл байлығын арттыру, кітапқа қызығушылық қалыптастыру.
- «Ұшқыр ой алаңы» жобасы – дидактикалық ойындар, сұрақ-жауап, тапсырмалар арқылы сыни және логикалық ойлауды дамыту.
- «Қамқор» жобасы – табиғатты аялауға, қоршаған ортаға жанашырлықпен қарауға, мейірімділікке тәрбиелеу.
- «Smart Bala» жобасы – танымдық белсенділігін, зияткерлік қабілеттерін дамытуға, жаңа технологияларға қызығушылық қалыптастыру.

Мақсаты:

- Балалардың денсаулығын нығайту және негізгі қимыл түрлерін жетілдіру;
- Тілдік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуін және коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- Математикалық қарапайым түсініктерін қалыптастыру және зияткерлік қабілеттерін арттыру;
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту, эстетикалық талғамын жетілдіру;
- «Адал азамат» бағдарламасы аясында балалардың бойына адалдық, мейірімділік, еңбек сүйгіштік және отансүйгіштік құндылықтарын сіңіру.

Міндеттері:

1. Дене мәдениеті: Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық ойындарға қызығушылығын арттыру және салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.
2. Сөйлеуді дамыту: Сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жетілдіру, диалогтік сөйлеуді дамыту, ертегілер мен әнгімелерді тындауға баулу.
3. Математика негіздері: Заттарды саны, пішіні және көлемі бойынша салыстыруға, кеңістікті бағдарлауға үйрету.
4. Қоршаған ортамен таныстыру: Табиғат құбылыстарына, өсімдіктер мен жануарлар дүниесіне қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.
5. Шығармашылық бағыт: Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру арқылы эстетикалық талғамын және ұсақ моторикасын жетілдіру.
6. Тәрбие бағыты: Ойын және еңбек барысында достыққа, әділдікке, жауапкершілікке, ұйымшылдыққа баулу.
- 7.

Күтілетін нәтиже:

- Балалар негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын сапалы орындайды;
- Өз ойын толық жеткізе алады, сөздік қоры молаяды;
- 1-ден 5-ке дейінгі сандарды таниды, геометриялық пішіндерді ажырата алады;
- Қоршаған орта туралы түсініктері кеңейеді;
- Ұлттық салт-дәстүрлер мен мәдениетке қызығушылық танытады;
- «Адал азамат» құндылықтарына сай адалдық, еңбекқорлық және үлкендерді құрметтеу қасиеттерін іс-әрекетте көрсетеді.

**Тәрбиешілер: Нышанова Гүлшат Әндіркызы
Серғазы Мәншүк Болатбекқызы**

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы қыркүйек айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	ҮОБ бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі.</p> <p>«Қамқор» жобасы бағытымен - салауатты өмір салтын ұстануға, спортқа қызығуға, денені шынықтыруға тәрбиелеу – бұл баланың денсаулығын қорғауға, өзін-өзі күтуге үйрететін экологиялық әрі денсаулыққа қамқор көзқарас қалыптастырады.</p>	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; дене сапаларын: күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді, жеке мәдени-гигиеналық дағдылары жетілдіру; дене шынықтыру жаттығуларын орындауға қызығушылықты ояту, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу;</p> <p>Әртүрлі ұлттық қимылды ойындарға, жарыс сипатындағы ойындарға қызығушылыққа баулу; ойын барысында, спорт жабдықтарын қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>- Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> <p>«Ұшқыр ой алаңы» жобасы - дыбыстарды дұрыс айту, сөйлеу қарқынын өзгерту, ойды анық жеткізу, диалог пен сөздік қорды байыту – баланың зияткерлік қабілетін, пікірталасқа дайын болуын дамытады.</p>	<p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу. Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсарту. Фонематикалық естуді дамыту: белгілі бір дыбыстан басталатын сөздерді есту арқылы ажырата білуге және атауға үйрету. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>«Балалар кітапханасы» жобасы - ертегі, әңгіме, өлеңдер арқылы кітапқа қызығушылық, кейіпкерлерді талдау, есте сақтау – оқуға құштарлықты, кітап мәдениетін қалыптастырады.</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>

<p>Қазақ тілі</p> <p>«Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы» жобасы - қазақ тілінде сөйлеу, сөздік қорды байыту, қарым-қатынас мәдениетін дамыту – кітап оқу дағдысын қалыптастырады («Балалар кітапханасы»), ал ауызекі сөйлеуді дамыту – пікірсайыс пен ойды еркін айтуға үйрететін «Ұшқыр ой алаңы».</p>	<p>Балаларды өз бетінше сөйлеуге үйрету; түрлі балалар әрекетінде балалардың бір-бірімен сөйлесуіне жағдай жасау; әрбір баланың қызығушылығына мән беру, сұрақтарына жауап беру, жеке сөйлесу; дидактикалық және дамытушы ойындарды, жаттығуларды қолдану арқылы сөздік қорды байыту; қарым-қатынас мәдениетіне, көркем қабылдау мен эстетикалық талғамға тәрбиелеу;</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері.</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - заттарды салыстыру, теңдік пен теңсіздікті түсіну, логикалық ойлау – инновациялық ойлау мен зияткерлік қабілеттерді дамытудың негізі.</p>	<p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - сюжеттік композициялар, қазақ ою-өрнектерін салу – шығармашылық қабілеттерді, эстетикалық талғамды дамытады.</p>	<p>Жеке заттарды және бірдей заттарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салу. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын беру. Заттардың пішіні: дөңгелек, сопақ, шаршы, тікбұрыш, үшбұрыш, көлемі бөліктерінің орналасуы туралы түсініктерді бекіту. Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - түрлі тәсілмен бейнелерді жасау, пропорцияны сақтау, ұлттық бұйымдарды мүсіндеу – көркемдік қабілеттерді арттырады.</p>	<p>Ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру</p>

<p style="text-align: center;">Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - қию, жапсыру арқылы шығармашылық ойлау дамиды («Шабыт»), ал геометриялық пішіндермен жұмыс логикалық-конструктивті ойлауды жетілдіреді («Smart Bala»)</p>	<p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен алдымен қысқа, кейін ұзын жолақтарды қиюды үйрету.</p> <p>Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану.</p> <p>Тар жолақтарды көлденеңінен қиюды, шаршының бұрыштарын қиюды үйрету.</p>
<p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p>Жоба: «Smart Bala» + «Шабыт» - құрылыс бөлшектерімен құрастыру – логикалық, конструктивті қабілеттерді дамытады («Smart Bala»), ал ұлттық ойынға бейімдеп құрастыру – шығармашылықты дамытады («Шабыт»).</p>	<p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок және т.б.) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өзбетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру.</p> <p>Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Жоба: «Шабыт» - музыканы тыңдау мәдениеті, ән айту, ұлттық күйлерді тыңдау – өнерге баулу.</p>	<p>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету жоғары дыбыстарды ажырату әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату.</p>
<p style="text-align: center;">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» отбасы мүшелерінің еңбегімен танысу, үлкендерді құрметтеу, кішіге қамқорлық жасау – еңбекке баулу («Еңбегі адал – жас өрен»), ал өзін, отбасын және айналаны құрметтеу – қамқор көзқарасты дамытады («Қамқор»)</p>	<p>Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, онымен санасу, жеке басын құрметтеу. Оның өсуі мен дамуы, өткені, бүгінгі және болашағы туралы түсініктерді қалыптастыру. Өзінің атын, тегін, жасын, жынысын атай білуге үйрету, өзін құрметтеуге, өз қадір – қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу.</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу. Жақын туыстарын білуге, олардың есімдерін атауға үйрету, отбасындағы сүйікті адамдары, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу, өзінің жақындарына мақтаныш сезімін білдіру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы қазан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық ойындар денсаулықты сақтауға, жеке тазалық пен өзін күтуге баулиды. Ұлттық ойындар арқылы салауатты өмір салтын және дәстүрді құрметтеуге үйретеді.</p>	<p>Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту. «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» балаларға ұлттық ойындардың маңызын түсіндіру. өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - балалардың еркін сөйлеп, сөздерді байланыстырып қолдануы, грамматикалық құрылымдарды дұрыс меңгеруі – ойды жүйелі жеткізуге, пікір алмасуға үйретеді.</p>	<p>Ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - ертегі, әңгіме тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, мазмұнын қайталап айту – кітапқа қызығушылықты дамытады және әдеби талғамды қалыптастырады.</p>	<p>Әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау, мазмұнын түсінуге және олардың мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтауға, автор сөздерін айту, кейіпкерлердің мінезін беру, шығарма мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге, ересектермен бірге ертегі мен әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу.</p>

<p>Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы» - қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айту, тыңдаған мәтіннен сөздерді табу – тіл мәдениетін дамытады («Балалар кітапханасы»), ал ойлау мен талдауды жетілдіру – зияткерлік қабілетті күшейтеді («Ұшқыр ой алаңы»)</p>	<p>Ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - теңдік пен теңсіздікті түсіну, заттарды салыстыру – логикалық ойлауды, сандық түсініктерді дамытуға бағытталған.</p>	<p>Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білу.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, «Қанша болды?», «Қаншасы қалды?» сұрақтарына жауап беруге үйрету</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ою-өрнек салу, түстерді үйлестіру – балалардың шығармашылық қабілетін дамытады, ұлттық өнерге қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау, 2-3 элементтерді түсі мен пішіні бойынша беру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ермексазбен әртүрлі композициялар жасау – балалардың қиялын, қол икемділігін дамытады және ұжымдық жұмысқа баулиды.</p>	<p>Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Кескішті қолдануды үйрету, оның көмегімен жасалған бұйымды безендіруге ынталандыру.</p> <p>Ертегілер мен қоршаған өмір тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - пішіндерді қиып-жапсыру – шығармашылықты жетілдіреді («Шабыт»), ал көлем мен пропорцияны сақтау – логикалық-конструктивті ойлауды дамытады («Smart Bala»).</p>	<p>Дайын пішіндерден жануарлар, құстар, гүлдер және т.б. пішінін қию және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу.</p>

<p style="text-align: center;">Құрастыру</p> <p>Жоба: «Smart Bala» + «Шабыт» - ұжымдық құрастыру – логикалық және техникалық ойлауды дамытады («Smart Bala»), ал ұжымдық жұмыс пен шығармашылық шешім қабылдау – өнерге бейімдейді («Шабыт»)</p>	<p>Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p>
<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Жоба: «Шабыт» ән айту, музыка ырғағын сезіну, ұлттық аспап сүйемелдеуімен орындау – өнерге баулиды, балалардың рухани дамуын қамтамасыз етеді.</p>	<p>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту. Әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету. Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу.</p>
<p style="text-align: center;">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» заттық әлемді тану, оның қасиеттерін түсіну – қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелейді («Қамқор»). Еңбек құралдарын танып-білу, ұқыпты қолдану – еңбекке баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»).</p>	<p>Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :2025 - 2026 оқу жылы қараша айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - сапқа тұру, қимылды жаттығулар, ұлттық ойындар балалардың денсаулығын нығайтып, шынығуға үйретеді. Спорттық ойындарда бір-біріне көмектесу мен қамқорлық көрсетуге тәрбиелейді.</p>	<p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Екеуден, үшеуден бірінің артынан бірі қатарға тұру, бағыт бойынша түзелу; оңға, солға бұрылу, орнында айналу; араларын алшақ ұстау және жақын тұру. Бірғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p> <p>ұлттық ойындар ойната отырып, балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау дағдыларын дамыту. дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - балалар сурет бойынша әңгіме құрастырады, қойылым сахналайды, жаңа құстармен танысады. Бұл олардың ойды жүйелі жеткізуіне, пікірін дәлелдеуге, интеллектуалды дамуына ықпал етеді.</p>	<p>өзі зерттеген заттарды, суреттерді сипаттайды; бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастырады; шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтады; бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты қызығушылықпен талқылайды; ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналайды;</p> <p>құстардың алуан түрлілігімен танысу, құстарды басқа жануарлар топтарынан ажырата білу үшін құстардың маңызды және ерекше белгілерін көрсету.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - өлең, ертегі, санамақ жаттау, мазмұнды қайта айту – балаларды кітапқа қызықтырады, сөздік қорын байытады</p>	<p>тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p>

<p>Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» + «Ұшқыр ой алаңы» - өлең, жаңылтпаш жаттау – әдеби тіл байлығын арттырады («Балалар кітапханасы»), ал жұмбақ шешу мен сөзді дұрыс қолдану – зияткерлік қабілетін дамытады («Ұшқыр ой алаңы»).</p>	<p>Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - санау, салыстыру, геометриялық фигураларды тану – балалардың логикалық ойлауын, есептік дағдыларын дамытады</p>	<p>көлемінде санау, сандарды ретімен атауды; теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды; екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады; шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдану дағдысын дамыту; геометриялық фигураларды және геометриялық денелерді ажыратып, геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттейді; тәулік бөліктерін ажыратып, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін үйрету.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - табиғаттың түстерін бейнелеу, реңктерді қолдану – шығармашылықты арттырады, эстетикалық талғамды дамытады</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - майда бөлшектерді мүсіндеу, композиция құру – қиялды, қол икемділігін дамытады.</p>	<p>Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - жапсыруда дайын пішіндерден композиция құру – шығармашылықты жетілдіреді («Шабыт»), ал өлшем, пропорция сақтауды үйрену – логикалық-конструктивті ойлауды дамытады («Smart Bala»).</p>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Жоба: «Smart Bala» + «Шабыт» - табиғи материалдардан композиция жасау – қиялды дамытады («Шабыт»), құрылымды ойлап, дұрыс</p>	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>

<p>орналастыру – логикалық қабілетті қалыптастырады («Smart Bala»).</p>	
<p>Музыка</p> <p>Жоба: «Шабыт» - қазақтың күй өнерін дәріптеу, ән айту, маршпен ырғақтық жүру – балалардың өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады.</p>	<p>қазақтың күй өнерін дәріптеу. Әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтауды, марш сипатын ырғақты жүру, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, музыканың ырғағымен жүре отырып, қимылдарды музыкамен сәйкестендіруді үйрету. Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, әнді созып, сөздерін анық айту, таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды үйрету.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - өсімдіктерге күтім жасау, табиғатпен тәжірибе жасау – қамқорлыққа тәрбиелейді («Қамқор»). Ал еңбекке жауапкершілікпен қарау, тапсырманы соңына дейін орындау – еңбекқорлыққа баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»)</p>	<p>Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау. Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі :2025 - 2026 оқу жылы желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту</p> <p align="center">Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - тепе-теңдік жаттығулары, ұлттық ойындар балалардың денесін шынықтырып қана қоймай, қауіпсіздікті сақтауға, бір-біріне қамқорлықпен қарауға баулиды</p>	<p>Қауіпсіздік ережесі - бөрене үстімен тепе-теңдікті сақтап жүре отырып, кішкене қапшықты төбесіне қойып журуге үйрету, қауіпсіздік ережесін сақтау. 50см жоғары көтерілген арқанның астынан оң және сол бүйірімен алға еңбектеп жүруге, сызық арқылы орнынан ұзындыққа секіруге жаттықтыру. (сызықтардың арақашықтығы 40-50см).</p> <p>балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру. Ойын кезінде тепе-теңдікті сақтау және қол – аяқ бұлшық еттерін нығайту, жаңа қимыл түрлерін жасау. Жаттығу жасау кезінде, денені дұрыс ұстап, көзбен бағдарлай білу дағдысын дамыту.</p> <p>салауатты өмір салты жайлы қолданыстағы идеяларды бекіту. Күн режимін сақтау үшін өзін соған баулу үшін, дәйекті гигиеналық іс-шараларды орындау.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Үшқыр ой алаңы» - қысқы табиғатты бақылап, әңгіме құрастыру, нақты жауап айту – логикалық ойлау мен сөздік қорды дамытуға көмектеседі.</p>	<p>сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын меңгереді. Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерін кеңейту. Берілген сұрақтың нақты жауабын тауып, айту.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - тақпақ жаттау, сөйлеммен сипаттау, сөздерді байланыстыру – кітап оқуға қызығушылықты оятады, әдеби тіл мәдениетін қалыптастырады.</p>	<p>сөйлеммен затты сипаттай білуде дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау дағдыларын дамыту. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір - бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» + «Үшқыр ой алаңы»</p>	<p>сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануда ,сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын, артикуляциялық аппаратты дамыту. қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, затты</p>

<p>қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөйлем құру – сөздік қорды байытады («Балалар кітапханасы»), ал ойды дәл жеткізу мен жаттығулар – интеллектуалдық қабілеттерді арттырады («Ұшқыр ой алаңы»).</p>	<p>сипаттай білудегілерін сөйлем құрудағыларын жетілдіру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - сандарды сәйкестендіру, кеңістік ұғымдарын меңгеру, есте сақтау қабілетін дамыту – логикалық ойлау мен цифрлық сауаттылыққа тәрбиелейді</p>	<p>Цифрды заттың санымен сәйкестендіруді, қағаз бетінде бейнеленген заттарды орналасу ретіне қарай сөзбен атап көрсету (сол жағында, оң жағында); көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту. Заттардың кеңістікте орналасуына санның тәуелсіздігін түсіне білуге үйрету; көру арқылы есте сақтау қабілетін дамыту.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ою-өрнек салу, түрлі түстерді үйлестіру, сюжеттік сурет жасау – балалардың шығармашылық қабілетін дамытады.</p>	<p>Пішінін ескере отырып, ою-өрнекті орналастыру, элементтер бірізділігін, олардың арасындағы арақашықтықтарды сақтау. Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - пластилинография, көлемді пішіндер жасау – қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамытады.</p>	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - ұлттық тұрмыстық заттарды қиып-жапсыру – шығармашылыққа баулиды («Шабыт»), ал өлшем мен пішін үйлесімін табу – логикалық ойлауды дамытады («Smart Bala»).</p>	<p>Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескере отырып, жапсыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Бейнені айқын беру үшін сұлбаны қию, жапсыру тәсілдерін қолдануды үйрету. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Жоба: «Smart Bala» + «Шабыт» - қағазды бүктеу, шиыршықтау арқылы құрылыстар жасау – техникалық ойлауды дамытады («Smart Bala»), ұжыммен сюжеттік құрастыру – шығармашылықты арттырады («Шабыт»).</p>	<p>Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білуге үйрету. Құрылыс материалдарының бірнеше бөліктерін құрастырып жасауға олардың түсін, пішінін, көлемін ажырата алуға дағдыландыру. Шығармашылық қиялдау дағдыларын дамыту. Қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып құрастыру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту</p>

<p>Жоба: «Шабьт» - эн, күй, марш жанрларын ажырату, аспаппен сүйемелдеу – өнерге қызығушылықты арттырады</p>	<p>қабілеттері дамыту. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - табиғатқа қамқорлық (құстарды қоректендіру, өсімдікке күтім жасау) – экологиялық тәрбиені дамытады («Қамқор»), ал еңбекке белсенді қатысу, тапсырманы жауапкершілікпен орындау – еңбекқорлыққа тәрбиелейді («Еңбегі адал – жас өрен»).</p>	<p>Қоршаған ортада және табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін сақтау, қарапайым экологиялық білімдерін қалыптастыру .Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасын дұрыс қалыптастыру.Қысқы табиғатты бақылап, қарапайым өзгерістерді атай білуге үйрету. Қысқы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін кеңейту. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару, жапырақтарды жинау, ауладағы гулдерді суару, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы қаңтар айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар – заң және тәртіп айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - арқанның астымен еңбектеу, асық ату, ұлттық қимылды ойындар – балалардың денесін шынықтырып қана қоймай, ұлттық мұраға құрметпен қарауға, бір-біріне қамқор болуға тәрбиелейді.</p>	<p>Арқанның астымен нысанаға дейін төрттағандап еңбектеуді, еңкіс тақтай үстімен жүре алады.</p> <p>Шеңбер бойында қолдарын әртүрлі қалыптармен қимылдар жасап жүруді, орындық астымен еңбектеп өту. Кішкентай доппен кегельдер арасында ирелеңдеп жүгіруді, гимнастикалық орындық үстімен, қолды белге қойып жүру дағдыларын дамыту.</p> <p>Асықты дәлдеп лақтыруға үйрету. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.</p> <p>Денсаулық, тазалық, дәрумен, дұрыс тамақтану, салауатты өмір, спорт туралы мәлімет алады.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - қыс мезгілі мен құстар жайлы әңгімелеу, талқылау, сұраққа жауап беру – балалардың ойлау, дәлелдеу және пікір білдіру қабілеттерін дамытады.</p>	<p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Қыс мезгілі туралы түсіне отырып, қыс мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін ажырата біледі.</p> <p>Өлкеде қыстап қалатын құстар туралы түсінеді. Оларды атай алады, қамқорлық жасау керектігін біледі.</p> <p>Көліктерді ажырата білуге, не үшін керек екендігі туралы түсінеді.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - әңгіме құрастыру, жолда жүру ережесін түсіну, мейірімділік туралы шығармалар оқу – әдеби тіл мәдениетін қалыптастырып, кітапқа қызығушылықты арттырады.</p>	<p>Сурет бойынша әңгіме құрастыра отырып, сөйлемдердің әртүрлі түрлерін, қосымшаларды қолдану дағдыларын меңгереді. Жолда жүру ережесін сақтауды, мейірімділікті, ұқыптылықты, көлік мамандарының еңбегін бағалай білуді, құрметтеуді түсінеді.</p> <p>Өз ойын толық жеткізе білуге, жүйелі әңгімелеуге үйренеді.</p>

<p style="text-align: center;">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - қысқы табиғат құбылыстарын сипаттау, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, тақпақ жаттау – ана тілін меңгерту мен сөздік қорды байытуға бағытталған.</p>	<p>Қысқы табиғат құбылыстары қардың жауғаны аяз туралы түсініктерді, берілген сұрақтарға жауап бере алады. Өз бетінше сөйлеу мәнері мен дауыс күшін тиісінше өзгертіп отыруды біледі. Қысқа байланысты тақпақ, сұраққа жауап айта алады.</p>
<p style="text-align: center;">Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - сан мен цифрды сәйкестендіру, санау, уақыт ұғымдарын ажырату – балалардың логикалық ойлауын және математикалық сауаттылығын дамытады.</p>	<p>Сан мен цифрды сәйкестендіру. Тәулік бөліктері. Кең, тар, өте тар. Есептік және реттік санау 1-ден 5-ке дейінгі сандар туралы түсініп «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдарын айыра біледі.</p>
<p style="text-align: center;">Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - түрлі түстерді қолдану, сюжеттік сурет салу – қиялды және шығармашылық қабілетті дамытады.</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сюжеттік сурет салуды және қарындашпен сурет салу тәсілдерін үйрету. Дәстүрлі сурет салудың техникасын жетілдіру</p>
<p style="text-align: center;">Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - бірнеше бөліктен зат мүсіндеу, пластилинография жасау – қолдың ұсақ моторикасын, бейнелеу қабілетін дамытады.</p>	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеуді үйрету. Оларды орналастыру, пропорцияны сақтай отырып, бөліктерді біріктіру тәсілдерін жетілдіру. Пластилинография дайын суреттің үстіне ермексазды жапсыруды үйрету.</p>
<p style="text-align: center;">Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - жапсыру барысында композиция жасау – шығармашылық қиялды дамытады («Шабыт»), ал пішіндерді таңдау мен орналастыру – логикалық ойлауды дамытады («Smart Bala»)</p>	<p>қағаз бетінде бейнелерді құрастыру, одан кейін оларды желімдеу дағдыларын біледі. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту.</p>
<p style="text-align: center;">Құрастыру</p>	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Қалдық материалдардан көліктер құрастыруға үйрету. Балаларды қалдық материалдан</p>

<p>Жоба: «Қамқор» + «Smart Bala» - табиғи және қалдық материалдан көліктер құрастыру – еңбексүйгіштікке баулиды («Қамқор»), ал бөлшектерді біріктіріп жаңа зат жасау – конструктивті ойлауды дамытады («Smart Bala»).</p>	<p>бұйым жасауға үйрету. «Қамқор» жобасы - Құстарға ұя жасау қамқор болу. Бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдалану шеберліктерін дамиды.</p>
<p>Музыка</p> <p>Жоба: «Шабьт» - қазақ күйімен таныстыру, әуендерді ажырату, ән айту – балалардың өнерге қызығушылығын арттырады</p>	<p>қазақ музыкасындағы күй жанрымен таныстыру. Музыкаға әсерленуді байыту, дыбыс жоғарылығын, ырғақтық, тембрлік, динамикалық есту қабілеттері дамыту. Музыка жанрларын (күй, ән, би, марш) ажырату. Қарапайым әуендерді, таныс әндерді сүйемелдеумен аспапта, есту қабілетіне сүйеніп ән салу.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - жануарлар, құстар, төрт түлік жайлы білім беру, күтім жасау – қамқорлық пен экологиялық тәрбиені дамытады («Қамқор»), ал көлік мамандарының еңбегін құрметтеу мен тапсырманы орындау – еңбекқорлыққа баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»).</p>	<p>Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Төрт түлік және оның төлдері оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы ақпан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан – жасампаздық пен жаңашылдық айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - спорттық және қимылды ойындарға қатысу, ұлттық ойындарға қызығушылық – балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, қазақ халқының мәдени мұрасын дәріптейді және бір-біріне қамқор болуға баулиды.</p>	<p>Балалардың денесін үйлесімді дамыту, спорттық, қимылды ойындарға, спортпен айналысуға қызығушылықты арттыру; күш, жылдамдық, төзімділік, ептілік, икемділікті қалыптастыру; негізгі қимыл түрлерін: жүру мен жүгіруді, секіру мен лақтыруды, қағып алуды, еңбектеу мен өрмелеуді жетілдіру;</p> <p>Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру.</p> <p>«Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» - балалардың ұлттық ойындарға қызығушылығын арттыру.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - тұрмыстық заттар мен ыдыстар туралы әңгімелеу, сипаттау және талқылау – балалардың ойлау қабілетін, пікір білдіру дағдысын және сөздік қорын кеңейтеді.</p>	<p>Балаларды өздігінен сипаттау және баяндау әңгімелерін құруға баулу; баланың айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар туралы ақпараттарды алуында оның қажеттіліктерін қанағаттандыру, оларды құрдастарымен талқылау; балалардың тұрмыстық заттар, ыдыс түрлері туралы жалпылама түсініктерін кеңейту; ыдыстарды құрайтын бөлшектер туралы, олардың жасалатын материалдары туралы айту.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - мақал-мәтел, жұмбақ, әңгіме арқылы сөйлем құрау, есте сақтау мен зейінді дамыту – кітапқа, халық ауыз әдебиетіне қызығушылықты арттырады.</p>	<p>дыбыстар мен сөз түрлерін қайталай отырып, сөйлем туралы түсінеді. Берілген сөзді қатыстырып, көрсетілген сызбаға сәйкес келетін сөйлем құрауға дағдыландыру. Жоспар бойынша сипаттамалық әңгіме құрастыруға үйрету. Сөйлемдерді дұрыс құрастыру. Сұрақтарға толық жауап беру. Есте сақтау, зейін, ұсақ моториканы дамыту. Тақырып бойынша шағын әңгімелерін мұқият тыңдай білуге, мақал-мәтел, жұмбақтарды шеше білуге тәрбиелеу.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - сөйлем құрау, сөз тіркесімен ой айту, жаңа сөздерді қолдану – тіл</p>	<p>Сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын жетілдіру.</p>

<p>мәдениетін дамытуға және ана тіліне сүйіспеншілікті қалыптастыруға бағытталған.</p>	<p>Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Балалардың ыдыстарды мақсатына қарай (ас үй, шай, асхана) жіктей білуін қалыптастыру; ыдыс-аяқ, олардың мақсаты және жасалған материал туралы түсініктерін кеңейту.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - реттік санау, теңдік пен теңсіздікті түсіну, логикалық сұрақтарға жауап беру – балалардың математикалық және зияткерлік қабілеттерін дамытады.</p>	<p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына жауап беруге үйрету. Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру. Тең ұғымын екі тәсілмен саны бойынша кем топқа бір затты қосу немесе артық топтан алып тастау арқылы қалыптастыру, "қанша болды?", "қаншасы қалды?" сұрақтарына жауап беруге үйрету.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - дәстүрден тыс әдістерді қолдана отырып, ағаштар мен бұталарды бейнелеу – қиялды және шығармашылық қабілетті дамытады.</p>	<p>Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе отырып, Бояу түсін таңдап, сурет салу. Сюжеттік сурет салуды (ағаштар мен бұталарды) дәстүрден тыс сурет салудың техникасын меңгереді.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ыдыстарды, заттарды мүсіндеу – еңбекке баулиды және бейнелеу өнеріне қызығушылықты арттырады</p>	<p>Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу. ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді ыдыстарды, заттарды мүсіндеу. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - сюжеттік композицияны жапсыру – шығармашылық қабілетті дамытады («Шабыт»), ал заттардың өлшемін, пропорциясын дұрыс беру – логикалық ойлауды қалыптастырады («Smart Bala»).</p>	<p>Берілген заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды безендіру. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, міндеттерді келісіп атқару. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Жоба: «Еңбегі адал – жас өрен» + «Smart Bala» - табиғи материалдардан композиция жасау – еңбек</p>	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеінен орналастырып құрастыруды</p>

<p>дағдыларын дамытады («Еңбегі адал – жас өрен»), ал құрылыс бөлшектерін қолдану – конструктивті және зияткерлік қабілеттерді жетілдіреді («Smart Bala»).</p>	<p>жалғастыру.</p>
<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Жоба: «Шабыт» - музыкалық қимылдарды ырғақпен орындау, аспаптарда ойнау – балалардың өнерге қызығушылығын арттырады</p>	<p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p> <p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
<p style="text-align: center;">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - ойыншықтарды жинау, топты таза ұстау – еңбекке баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»), ал табиғаттағы құбылыстарды бақылау, жанды-жансыз табиғатты ажырату – экологиялық сананы қалыптастырады («Қамқор»).</p>	<p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау. Топты және ойын алаңын таза ұстауға, ойыншықтарды жинауда тәрбиешіге көмектесуге баулу.</p> <p>- адамдар еңбегі, олар жасаған дүниенің объектілері туралы түсініктерін кеңейтуді жалғастыру;</p> <p>- балаларға тұрмыстық заттардың атауларын бекітуге және нақтылауға үйрету; «Бақылау» ұғымын түсіне отырып, жанды табиғат, оның тіршілік ортасы және жансыз табиғаттағы қайталанбас құбылыс түрлерін түсіндіру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы наурыз айы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту</p> <p align="center">Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - ұлттық ойындарды дәріптеу, қимылды ойындарда ережені сақтау – балаларды тәртіпке, достарына қамқор болуға, қазақ халқының мәдени құндылығын бағалауға баулиды.</p>	<p>Сапқа тұру, жүру, зал ішінде шашыраңқы жүгіруге, өз орындарын тауып дұрыс тұра білуді, жалпы даму жаттығуларын және негізгі қимыл – қозғалыс жаттығуларын дұрыс жасау дағдыларын жетілдіру.</p> <p>Берілген бағытта әртүрлі қарқынмен жүгіру, гимнастикалық орындық үстімен жүріп келіп, бір орнында баяу айналу дағдыларын , кегилер арасымен допты көтеріп жүру, бір орнында тұрып 15 см биіктіктен секіруді игереді.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу. ұлттық ойындар ойнату арқылы балаға ұлттық ойындарды дәріптеу.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - көктемдегі табиғат құбылыстары туралы әңгімелеу, шағын әңгімелер құрастыру – ойлау қабілетін, сөздік қорын және ауызекі сөйлеу дағдыларын жетілдіреді.</p>	<p>балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіне отырып, қар ериді, ағаштың бүршік жаруы жайында түсініктер қалыптастыру.</p> <p>Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру. Шағын әңгімелер құрастырып, ойында әдеби бейнелерді қолдану. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру.</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - ертегілерді тыңдау, жаңылтпаш, тақпақ айту – балалардың әдебиетке қызығушылығын арттырып, халық ауыз әдебиетімен байланысын нығайтады.</p>	<p>Балалар табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы түсінеді, балалар өлі және тірі табиғат жөнінде түсінеді.</p> <p>Жыл құстарын танып дұрыс атау, жаңылтпаштар, тақпақтар айтуға үйрету.</p> <p>Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру.</p> <p>Әр түрлі тақырыпта ертегілер үйрене отырып, әдеби шығармаларды мұқият тыңдау, кейіпкерлерге жанашырлық таныту, ондағы әрекеттердің дамуын қадағалау</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - сурет бойынша шағын мәтін құрастыру, қазақша сөйлемдерді дұрыс</p>	<p>Жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем</p>

<p>айту – ана тілін меңгеруге, тіл байлығын кеңейтуге ықпал етеді.</p>	<p>құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - кеңістікте бағдарлау (сол, оң, алға, артқа), заттардың санын түсіну – логикалық ойлау мен математикалық қабілеттерін дамытады</p>	<p>Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа алға, артқа. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу.</p> <p>Жоба: «Шабыт»- ұлттық киімдерді әшекейлеу, ою-өрнек элементтерін бейнелеу – шығармашылық қабілетті дамытып, ұлттық өнерге сүйіспеншілікті арттырады.</p>	<p>Балалар сәндік-қолданбалы өнер мен қазақтың ұлттық бұйымдары туралы біледі. Сурет салуда ұлттық ою-өрнек элементтерін қолдана алады. Қазақтың ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіте отырып, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлейді, бейнелеу кезінде шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Еңбегі адал – жас өрен» халықтық бұйымдарды мүсіндеу – қол еңбегін қадірлеуді («Еңбегі адал – жас өрен»), эстетикалық талғам мен шығармашылықты («Шабыт») дамытады.</p>	<p>Ұлттық киімнің көптүрлілігі туралы түсініктерді біледі. Киімді өрнектеу, әшекейлеу икемділігі дамиды. Халық шеберлерінің еңбегі туралы біледі. Саздан жасалған халықтық бұйымдардың желісі бойынша мүсіндей алады.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - сюжеттік композицияларды безендіру – шығармашылық қабілетті арттырады («Шабыт»), ал пішін мен өлшемді сәйкестендіру – логикалық ойлауды дамытады («Smart Bala»).</p>	<p>Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару. Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру,</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Жоба: «Еңбегі адал – жас өрен» + «Қамқор» - табиғи материалдардан тұрмыстық бұйымдар жасау – еңбекке баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»), ал бірлесіп жоспарлап, ойдан құрастыру –</p>	<p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу. Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге</p>

<p>ұйымшылдық пен қамқорлықты қалыптастырады («Қамқор»).</p>	<p>жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.</p>
<p style="text-align: center;">Музыка</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ұлттық аспаптармен танысу, ән айту, ырғақтық қимылдар – өнерге деген сүйіспеншілікті, әуенді сезіну қабілетін арттырады.</p>	<p>Балалар қазақтың ұлттық аспаптарымен таныса отырып, ұлттық аспаптарды мақтаныш тұта білуді үйренеді. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әртүрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындауға баулу. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</p> <p>Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу.</p>
<p style="text-align: center;">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - көктем мезгіліндегі қауіпсіздік ережелерін сақтау – қоршаған ортаны құрметтеуді («Қамқор»), ал еңбекке жауапкершілікпен қарау – адал еңбекті бағалауды («Еңбегі адал – жас өрен») үйретеді.</p>	<p>Көктем мезгілімен, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы түсіндіре отырып, көктем мезгіліндегі қауіпсіздік туралы түсіндіру.</p> <p>Балалардың еңбек етуге деген оң көзқарасын тәрбиелеу, берілген тапсырмаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру: бастаған істі аяғына дейін жеткізе білу, оны жақсы орындау.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы сәуір айы

Айы	<p align="center">Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.</p>	<p align="center">Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері</p>
<p>Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы</p>	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту</p> <p align="center">Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - тепе-теңдік сақтап жүру, ойын ережесін орындау, тазалық пен гигиенаны сақтау – өзіне де, өзгеге де қамқор болуға, жауапкершілікке тәрбиелейді.</p>	<p>Шектелген кеңістікте жүріп өту, жіңішке лента бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру дағдылары жетіледі.</p> <p>Допты кеуде тұсынан лақтыру, тізені жоғары көтеріп жүру, аяқ ұшымен және өкшемен жүру дағдыларын дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p> <p>Балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа, өзінің сыртқы келбетін қадағалауды әдетке айналдыруға баулу. Тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға, тісін тазалауға үйрету. Тарақты, қол орамалды пайдалана білуді бекіту</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - сұрақ-жауап арқылы диалог жүргізу, бейтаныс заттар туралы әңгімелеу – баланың ойлау қабілетін шыңдап, еркін сөйлеу дағдыларын дамытады.</p>	<p>Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>

<p style="text-align: center;">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - ертегілер мен шағын шығармаларды талдау, қазақ ғарышкерлері туралы айту – балалардың әдеби дүниетанымын кеңейтеді, елге деген мақтаныш сезімін оятады.</p>	<p>Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, өз бетінше ретімен қайталап айтуға, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға баулу. Адамдардың ғарыш әлеміне жасаған алғашқы сапарлары туралы түсіне отырып, қазақтың тұңғыш ғарышкерлерін таныстыру.</p>
<p style="text-align: center;">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» қазақша мәтіндер құрастыру, өлең жаттау – балалардың сөздік қорын байытып, ана тілін құрметтеуге тәрбиелейді.</p>	<p>Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айту. Ертегілердің мазмұнын түсіндіре отырып, сурет бойынша әңгімелеуге, байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру.</p>
<p style="text-align: center;">Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту</p> <p style="text-align: center;">Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - санау, геометриялық пішіндерді ажырату, логикалық есеп шығару – баланың ойлау жүйесін дамытып, математикаға қызығушылығын арттырады.</p>	<p>Сандық және реттік санауды ажырата біледі. «қанша?», «нешінші?» сұрақтарына дұрыс жауап беру. Геометриялық пішіндерді атау, логикалық есепті берілген мәліметтерге сүйене отырып шеше алады. Заттарды санына қарай салыстыру алу қабілетін арттыру, бір зат пен көп затты бір-бірінен айыра білуге үйрету. Екі топтағы заттарды салыстырып, оларды теңестіру. Кеңістікті бағдарлау қабілеттері дамиды. Қоршаған ортада геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды анықтау.</p>
<p style="text-align: center;">Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.</p> <p style="text-align: center;">Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - гүлдер мен табиғат бейнелерін салу, жаңа тәсілдерді пайдалану – балалардың эстетикалық талғамын, шығармашылық қабілетін жетілдіреді</p>	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын меңгеру.</p>
<p style="text-align: center;">Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Еңбегі адал – жас өрен» - жәндіктерді мүсіндеу – шығармашылықты дамытса,</p>	<p>Майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Жәндіктерді өзіне тән белгілерімен таныса отырып, әдемі мүсіндей алады. Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге</p>

<p>бөлшектерді дұрыс біріктіру – еңбектің адалдығын, ұқыптылықты қалыптастырады.</p>	<p>қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Жапсыру Жоба: «Шабыт» + «Smart Bala» - геометриялық пішіндерден композиция жасау – логикалық ойлауды («Smart Bala»), ал түстерді үйлестіріп жапсыру – шығармашылықты («Шабыт») дамытады.</p>	<p>Түстерді пайдаланып, геометриялық пішіндерден сәндік композициялар жасау, бейнелерді қиып ала отырып, жапсыру икемділіктерін дамыту. Жапсыру мазмұнын күрделі ете және әртүрлі бейнелерді жасау үшін мүмкіндіктерді кеңейте отырып, оған қызығушылық тәрбиелеу.</p>
<p>Құрастыру Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - зымыран құрастыру – ғылымға қызығушылықты, ал құс ұяларын жасау – қамқорлықты және адал еңбекті бағалауды қалыптастырады.</p>	<p>Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Балаларды аспан әлеміндегі қызықты оқиғалармен таныстыру, зымыран туралы түсіндіре отырып, геометриялық пішіндерден зымырандар және құстарға қамқорлық ретінде ұя құрастыруға үйрету.</p>
<p>Музыка Жоба: «Шабыт» - музыкалық аспаптарда ойнау, би қимылдарын үйлестіру – өнерге деген сүйіспеншілікті, шығармашылықты дамытады.</p>	<p>Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу. Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту.</p>
<p>Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру Қоршаған әлеммен таныстыру Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - көктемгі еңбекпен танысу – адал еңбекке баулиды («Еңбегі адал – жас өрен»), жәндіктердің пайдасы мен зиянын түсіну – табиғатқа қамқорлықты арттырады («Қамқор»).</p>	<p>Адамдардың көктемгі еңбегімен танысып, көктемгі еңбекке арналған құрал-жабдықтарды ажыратып атай алады, олардың қажеттілігі мен қолданылуын түсініп еңбек әрекетінде қолдана білуге үйренеді. Жәндіктердің тіршілігі, олардың атауы, пайдасы мен зияны туралы түсініктерді біледі. Балаларға табиғат, тіршілік, қоршаған орта арасында байланыс жайлы, өлі және тірі табиғат жөнінде түсіндіру.</p>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Балауса» бөбекжай- балабақшасы»

Топ: «Балапан» ересек тобы

Балалардың жасы: 4 жас

Жоспардың құрылу кезеңі : 2025 - 2026 оқу жылы мамыр айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет атаулары. Адал азамат біртұтас тәрбие жобасы.	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы	<p align="center">Физикалық қасиеттерді дамыту</p> <p align="center">Дене тәрбиесі</p> <p>Жоба: «Қамқор» - қимылды ойындар мен тепе-теңдікті сақтау, дене мүшелерін таза ұстау – балаға өз денсаулығына қамқор болуды, жауапкершілікке үйретеді.</p>	<p>Әртүрлі қарқында жәй және жылдам жүру, жүгіру, ұзындықтан секіріп өтуді түсінеді</p> <p>Жазықтық бойымен жүру, алға жылжи отырып секіру, әртүрлі қалыпта допты қос қолмен лақыру. Тепе-теңдік қалпын сақтай отырып шектелген жазықтық бойымен жүруге дағдыларын бекіту. Гимнастикалық скамейка үстімен тепе-теңдікті сақтап жүреді, құрсаудан еңбектеп өту.</p> <p>Ойын ережесін ойын барысында сақтау қажеттігін түсіндіру</p> <p>Балаларға дене мүшелер туралы, оларды күтіп, таза ұстау туралы түсінік беру.</p>
	<p align="center">Коммуникативтік дағдыларды дамыту</p> <p align="center">Сөйлеуді дамыту</p> <p>Жоба: «Ұшқыр ой алаңы» - жаз мезгілі туралы әңгімелеу, сұрақтарға толық жауап беру – баланың логикалық ойлауын, ойды жүйелі жеткізу қабілетін дамытады.</p>	<p>Балалар жаз мезгілінің кереметтерін түсіне отырып, жаз мезгілі туралы өз ойын айту.</p> <p>Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру. Схема бойынша суреттің мазмұнын құруға және сөздерді байланыстырып айту. Балалардың жыл бойы алған білімдерін толықтап, сөйлем құрау.</p> <p>Балаларға достық қарым-қатынас, туған жер, Отан туралы турал, өз Отанын сүйе білуге тәрбиелеу..</p>
	<p align="center">Көркем әдебиет</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - жаз мезгілін сипаттайтын өлеңдер, әңгімелер оқу – балалардың әдебиетке қызығушылығын арттырып, сөздік қорын байытады.</p>	<p>Балалардың кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру . Жаз мезгілінің табиғи ерекшеліктерін , жаз мезгілін дегі маусымдық өзгерістерін, айырмашылықтарын ажырату. Табиғатты бақылау күнтізбесін жүргізу.</p> <p>Отан қорғаушылар күні мерекесінің мәнін түсінеді. Тақырып бойынша өлең желісіндегі сұрақтарға жауап беру, өлеңді жатқа айту.</p>
	<p align="center">Қазақ тілі</p> <p>Жоба: «Балалар кітапханасы» - қазақ тілінде</p>	<p>Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. меңгерген сөздерімен сөйлем құрауға жаттықтыруды жалғастыру.</p> <p>Педагогтің көрсеткен үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыра білу дағдыларын</p>

<p>сөйлем құрау, жаңа сөздер үйрену – тіл байлығын кеңейтеді, ұлттық құндылықты дәріптейді.</p>	<p>жетілдіру, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру.</p>
<p>Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Математика негіздері</p> <p>Жоба: «Smart Bala» - геометриялық пішіндерді қайталау, санау және реттік сан есімдер – балалардың математикалық ойлауын дамытады</p>	<p>Заттар тобының теңдігін кеңістікте орналасуына қатыссыз қоюды, дөңгелек, шаршы, үшбұрыш, сопақша, тіктөртбұрыш сияқты геометриялы фигуралар туралы өткенді бекіту.</p> <p>тәулік бөліктерін ажыратып, олардың сипаттамалық ерекшеліктерін үйрету. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға "нешінші?" сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, "барлығы қанша?" сұрағына толық жауап беруді бекіту.</p>
<p>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Сурет салу</p> <p>Жоба: «Шабыт» - өз ойымен сурет салу, табиғатты бейнелеу – шығармашылық қиялды арттырады.</p>	<p>Өз ойлары бойынша сурет салу, композиция құрастыру. көлемді пішіндерді безендіруді біледі.</p> <p>Әр жыл мезгіліне байланысты сюжетті суреттерді пайдалана отырып, баланың қоршаған ортаға көзқарасы дұрыс қалыптастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p> <p>Жоба: «Шабыт» + «Еңбегі адал – жас өрен» - бөліктерден мүсін құрастыру – ұқыптылықты, еңбекті құрметтеуді («Еңбегі адал – жас өрен») және шығармашылықты («Шабыт») дамытады.</p>	<p>Бірнеше бөліктерден заттарды мүсіндеу, оларды орналастыру, пропорцияларды сақтау, бөліктерді біріктіру. Балалардың көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру.</p>
<p>Жапсыру</p> <p>Жоба: «Шабыт» - ұжымдық сюжеттік композиция жасау – бірлесіп жұмыс істеуді, өнерге деген қызығушылықты дамытады.</p>	<p>Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Шығармашылық қиялды дамыту. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
<p>Құрастыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» + «Еңбегі адал – жас өрен» - құс ұясын құрастыру – табиғатқа қамқор болуды үйретеді («Қамқор»), ал қалдық материалдардан бұйым жасау – адал еңбектің нәтижесін бағалауға тәрбиелейді.</p>	<p>Табиғи, қалдық материалдардан үй, құстарға ұя құрастыру. Балалардың қалдық материалдардан бұйым жасауға, бөліктерді біріктіру үшін желімді пайдаланудағы дағдыларын дамыту. Құрастыру кезінде сәйкес белгілері бойынша біріктіре білу және онымен ойнай отырып, шығармашылық қиялдау дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Музыка</p>	<p>Күй күмбірі - ұлттық өнерді дәріптеу. Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс</p>

<p>Жоба: «Шабыт» - «Күй күмбірі» арқылы ұлттық өнерді дәріптеу, музыкалық аспаптарда ойнау – шығармашылықты дамытады.</p>	<p>шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету . Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету, балалар шығармашылығын дамыту, оларды белсенділікке, дербестікке баулу.</p>
<p align="center">Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру</p> <p align="center">Қоршаған әлеммен таныстыру</p> <p>Жоба: «Қамқор» - өсімдіктерді күту, табиғатқа қамқорлық жасау, қауіпсіздік ережелерін білу – экологиялық сананы қалыптастырады.</p>	<p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдалану, бейтаныс адамдармен қарым-қатынас жасау. Балалардың өз есімін, тегін, жасын, ата-аналарының атын білуді бекіту, кездейсоқ жағдайларда (адасып қалу, құлау) өзін дұрыс ұстауға үйрету.</p>